



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 желтоқсан N 1937 Ескерту (РҚАО). ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 16 маусымдағы N 909 P000909_ қаулысындағы Келісімнен қараңыз.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679_

заң күші бар Жарлығының 16-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 11 мамырда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы
Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық
және өзара көмек туралы
Келісім*

* (2001 жылғы 12 сәуірден бастап күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2002 ж., N 2, 18-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі,

кеден заңдарын Z952368_ бұзу екі мемлекеттің экономикалық, салықтық және әлеуметтік мүдделеріне, сондай-ақ сауда-саттықтағы заңды мүдделеріне нұқсан келтіретінін негізге ала отырып;

есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымы қоғам мен азаматтардың денсаулығына қауіп төндіретіндігін назарға ала отырып;

тауарлардың импорты немесе экспорты кезінде өндіріліп алынатын кеден баждарын , салықтарды және басқа да алымдарды дәлме-дәл есептеуді қамтамасыз етудің, сондай-ақ тыйым салу, шектеу және бақылау шарттарын тиянақты орындаудың маңыздылығын ескере отырып;

кеден заңдарын бұзуды болдырмау және кеден баждары мен салықтарды дұрыс өндіріп алуды қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігер жұмсау екі елдің кеден қызметтері арасындағы ынтымақтастықтың нәтижесінде анағұрлым тиімді болады деп есептей отырып;

БҰҰ-ның 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенциясының Z980257_ , БҰҰ-ның 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенциясының Z980249_ және кейінірек өзгерістер мен толықтырулар енгізілген БҰҰ-ның 1988 жылғы Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвенциясының Z980246_ ережелерін назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Терминдердің анықтамасы

Осы Келісімнің мақсаттарына орай:

1) "кеден заңдары" - тауарларды, жолаушылардың қол жүгі мен жол жүгін, халықаралық пошта жөнелтілімдерін, валюталық және басқа да құндылықтарды, кеден баждарын, алымдарын және басқа да төлемдерді өндіріп алудың, кеден төлемдері бойынша жеңілдіктер берудің, тыйым салулар мен шектеулерді белгілеудің, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің кедендік шекаралары арқылы тауарлар айналысына бақылау жасаудың тәртібін реттейтін Тараптардың нормативтік құқықтық актілер жиынтығын білдіреді;

2) "бұзу" - кеден заңдарын кез келген бұзуды, сондай-ақ осы заңдарды бұзатындай

кез келген әрекетті білдіреді;

3) "кеден қызметтері" - Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетін, Литва Республикасында - Литва Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Кеден департаментін білдіреді;

4) "бақыланатын жеткізілім" - есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының рұқсатымен және бақылауымен есірткі және психотроптық заттардың партияларын Тараптар мемлекеттерінің аумағынан әкетілуіне, транзиттік өтуіне немесе онда әкелінуіне жол беру әдісі.

2-бап

Келісімнің қолданылу аясы

1. Тараптар өз кеден қызметтері арқылы және осы Келісімнің шарттарына сәйкес, а) тауарлар айналысын жеңілдету және жылдамдату; б) кеден заңдарын тиісінше сақтауды қамтамасыз ету; в) кеден заңдарын бұзудан сақтандыру, оларды тергеу мен жолын кесу мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады және бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

2. Осы Келісім шеңберінде жәрдем көрсету сұрау салынған Тараптың аумағында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес және сұрау салынған кеден қызметінің құзыреті мен мүмкіндіктері шегінде жүзеге асырылады. Кеден қызметтері қажет болған жағдайда сұрау салынған Тараптың аумағында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да құзыретті органдардың жәрдем беруін ұйымдастыруы мүмкін. Қылмыстарды тергеу саласында өзара көмек беруді реттейтін ережелер бұзылатын болса, осы Келісім қолданылмайды.

3. Осы Келісім төленбеген кеден баждарын, салықтарды немесе кез келген басқа да алымдарды өтеу мақсатында қолданылмайды.

3-бап

Ынтымақтастық пен өзара көмек берудің түрлері

1. Кеден қызметтері осы Келісімнің 6, 7, 8-баптарына сәйкес өзінің

бастамасымен немесе сұрау салу бойынша барлық қажетті ақпаратты бір-біріне беретін болады.

2. Кеден қызметтері:

а) қызметтеріне қатысты тәжірибе алмасады және кеден заңдарын бұзуды болдырмаудың жаңа құралдары мен әдістері туралы ақпарат алмасып тұрады;

б) кеден заңдары, кеден заңдарындағы өзгерістер мен толықтырулар, бақылау ісінде қолданылып жүрген техникалық құралдар, оларды пайдалану әдістері туралы бір-бірін хабардар етіп тұрады, сондай-ақ өзара мүдделілік білдірілетін басқа да мәселелерді талқылайтын болады.

4-бап

Тұлғаларды, тауарларды
және көлік құралдарын бақылау

1. Бір Тараптың кеден қызметі өзінің бастамасы бойынша немесе екінші Тараптың кеден қызметінің сұрау салуы бойынша:

а) екінші Тараптың аумағында қолданылып жүрген кеден заңдарын бұзғандығы белгілі болған немесе бұзуы мүмкін күдікті тұлғалардың жүріп-тұруына, әсіресе олардың өзінің аумағына келуіне және одан кетуіне;

б) Тараптардың бірінің кеден қызметі екінші Тараптың кеден қызметіне сол мемлекеттің аумағында заңсыз айналымға түсті деп хабарланған тауарлар мен төлем құралдарының айналысына;

в) екінші Тараптың аумағында қолданылып жүрген кеден заңдарын бұзу мақсатында пайдаланатындығы белгілі болған немесе осындай күдік тудыратын кез келген көлік құралдарына;

г) екінші Тараптың аумағына елеулі түрде заңсыз өткізілетін заттар бола алатын тауарлардың қоймасы ретінде пайдаланылып жүрген орындарға арнайы бақылау жүргізеді.

5-бап

Бақыланатын жеткізілім

1. Егер бұл Тараптардың ұлттық заңдарына қайшы келмесе, кеден қызметтері өзара келісім мен уағдаластық бойынша есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына тартылған тұлғаларды анықтау мақсатында халықаралық деңгейде осы заттарға "бақыланатын жеткізілім" әдісін қолдана алады.

2. Қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес бақыланатын жеткізілім жүзеге асырылатын заңсыз өткізілген партиялар қос кеден қызметтерінің өзара келісімімен ұсталынуы немесе одан әрі тасымалдануы үшін заңсыз өткізілген есірткі және психотроптық заттар сол қалпында, алып тастаумен, толық немесе ішінара алмастырумен қалдырылуы мүмкін.

3. Бақыланатын жеткізілімдерді пайдалану туралы шешімдер әрбір жекелеген жағдайда қабылданады және қажет болған жағдайда кеден қызметтері қол жеткізген қаржылық уағдаластықтарды ескеруі мүмкін.

6-бап

Тауарлардың заңсыз айналымына қарсы күрес

1. Кеден қызметтері өздерінің бастамасымен немесе сұрау салу бойынша Тараптардың бірінің аумағында төмендегі салаларда қолданылып жүрген кеден заңдарын бұзған немесе бұзуы мүмкін анықталған іс-әрекеттер туралы барлық қажетті ақпаратты бір-біріне кідіріссіз беретін болады, олар:

- а) қарудың, оқ-дәрінің, жарылғыш, улағыш заттардың және қопарғыш құрылғылардың айналысы;
- б) Тараптардың, бірі үшін елеулі тарихи, мәдени немесе археологиялық құндылығы бар байырғы және өнер заттарының айналысы;
- в) қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін улы заттардың, сондай-ақ басқа да тауарлардың тасымалы;
- г) Кеден қызметтері алмасатын, Тараптар аумақтарында қолданылып жүрген тізбелерге сәйкес тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын айрықша маңызы бар тауарлардың және стратегиялық тауарлардың айналысы.

7-бап

Ақпараттар беру

1. Кеден қызметтері өздерінің бастамасымен немесе сұрау салу бойынша:
- а) кеден баждарын, салықтарды және басқа да алымдарды кеден қызметтерінің дұрыс өндіріп алуын, атап айтқанда, тауарлардың кедендік құнын белгілеу, олардың тарифтік топтастырылуын анықтау үшін қажетті ақпаратты беруді;
 - б) әкелу, әкету транзиттік өту жөнінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтауды немесе кеден баждарынан, салықтардан және басқа да алымдардан босатуды;
 - в) Тараптардың бірі немесе Тараптардың екеуі де жасасқан басқа да келісімдерге қолданылмайтын тауарлардың шығу тегінің ұлттық ережелерін дұрыс қолдануды қамтамасыз ету үшін көмек бере алатын барлық ақпаратты бір-біріне беретін болады.
2. Сұрау салынған кеден қызметінде сұрау салынған ақпарат болмаған жағдайда ол сұрау салынған Тараптың аумағында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес осындай ақпаратты алу үшін шаралар қолданады.
3. Әрбір кеден қызметі екінші кеден қызметінің сұрау салуы бойынша:
- а) сұрау салушы Тараптың аумағына әкелінген тауарлар сұрау салынған Тараптың аумағынан заңды түрде әкетілді ме;

б) сұрау салушы Тараптың аумағынан әкетілген тауарлар сұрау салынған Тараптың аумағына заңды түрде әкелінді ме және осы тауарлар қандай кеден рәсімінен (егер ол орын алса) өткізілді деген ақпараттарды береді.

4. Әрбір кеден қызметі өзінің бастамасымен немесе сұрау салу бойынша екінші Тараптың кеден қызметіне оның аумағында қолданылып жүрген кеден заңдарын бұзуға байланысты қолданылуы мүмкін, атап айтқанда:

а) екінші Тараптың аумағында қолданылып жүрген кеден заңдарын

бұзғандығы белгілі болған немесе бұзуы мүмкін күдікті жеке және заңды тұлғаларға;

б) елеулі түрдегі заңсыз айналыстағы заттар ретінде белгілі болған немесе осындай күдік тудыратын тауарларға;

в) екінші Тараптың аумағында қолданылып жүрген кеден заңдарын бұзу мақсатында пайдаланатындығы белгілі болған немесе осындай күдік тудыратын көлік құралдарына;

г) кеден заңдарын бұзудың жаңа жолдары мен тәсілдеріне қатысты барлық ақпаратты береді.

8-бап

Құжаттарды беру

1. Әрбір кеден қызметі өзінің бастамасымен немесе сұрау салу бойынша екінші Тараптың аумағында қолданылып жүрген кеден заңдарын бұзуға әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін дайындалып жатқан немесе жасалған іс-әрекеттерге қатысты барлық қолда бар ақпарат баяндалатын актілерді, куәгерлік айғақтарды немесе құжаттардың куәландырылған көшірмелерін екінші Тараптың кеден қызметіне береді.

Осы Келісімде көзделген құжаттардың орнына тап осы мақсаттар үшін электрондық тасымалдау құралдарына жазылған кез келген ақпарат берілуі мүмкін. Бір мезгілде осы материалдарды түсіндіру немесе пайдалану үшін қажетті барлық ілеспе ақпарат берілуі тиіс.

Куәландырылған көшірмелерді беру жеткіліксіз болған жағдайларда ғана істер мен құжаттардың түпнұсқаларына сұрау салынуы мүмкін.

2. Екінші кеден қызметінен алынған істер мен құжаттардың түпнұсқалары алғашқы мүмкіндік туған сәтте қайтарылуы тиіс.

9-бап Тергеулер

1. Сұрау салынған кеден қызметі сұрау салуды алғаннан кейін сұрау салушы Тараптың кеден заңдарына қайшы келетін немесе қайшы келуі мүмкін іс-әрекеттерге қатысты ресми тергеу жүргізеді. Осындай тергеу қорытындылары сұрау салушы кеден қызметіне табыс етіледі.

2. Мұндай тергеулер сұрау салынған Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес жүргізіледі. Сұрау салынған кеден қызметі өзінің жеке атынан іс-әрекет жасап, тергеу жүргізеді.

3. Тараптардың бірінің кеден қызметінің лауазымды тұлғалары екінші Тараптың кеден қызметінің келісімімен жекелеген жағдайларда сұрау салушы Тараптың аумағында қолданылып жүрген кеден заңдарын бұзуды тергеуге қатыса алады.

10-бап Лауазымды тұлғалардың қатысу тәртібі

Осы Келісімде көзделгеніндей жағдайларда, Тараптардың бірінің кеден қызметінің лауазымды тұлғалары екінші Тараптың аумағында болатын кезінде олардың ресми өкілеттіктерін растайтын құжаттары өздерімен бірге болуы тиіс. Олар қызмет үлгісінде киінбеуі тиіс және қарусыз жүреді.

11-бап Сарапшылар

Кеден заңдарын бұзуды қарауға байланысты Тараптардың бірінің сот немесе әкімшілік органдарының сұрау салуы бойынша екінші Тараптың кеден қызметі өздерінің қызметкерлерінің осындай сот немесе әкімшілік талқылауларға сарапшылар ретінде қатысуына уәкілеттік бере алады. Мұндай қызметкерлер өздерінің қызмет бабындағы міндеттерін атқаруы кезінде анықтаған фактілері жөнінде айғақтама береді. Сот немесе әкімшілік талқылауларға қатысу туралы сұрау салуда қызметкердің қандай іс бойынша және кім ретінде қатысуы тиіс екені көрсетілуі керек.

12-бап Ақпаратты және құжаттарды пайдалану

1. Осы Келісімге сәйкес алынған ақпараттар, құжаттар және басқа да мәліметтер құпия болып табылады және осы Келісімде көрсетілген мақсаттар үшін, ғана пайдаланылады. Олар осы құжаттарды берген кеден қызметінің жазбаша келісімімен ғана берілуі немесе кез келген басқа да мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағындағы ережелер есірткі және психотроптық заттарға қатысты заң бұзушылық туралы ақпаратқа қолданылмайды. Мұндай ақпарат есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күреспен тікелей айналысатын басқа да мемлекеттік ведомстволарға берілуі мүмкін.

3. Осы Келісімге сәйкес Тараптардың бірінің кеден қызметіне берілген сұрау салуларға, ақпараттарға, сараптамалық актілерге және басқа да мәліметтерге оларды алған Тарап өзінің заңдарына сәйкес Тараптың осындай құжаттары мен мәліметтеріне қолданылатыны сияқты жария етуден қорғалудың тап сондай дәрежесін береді.

4. Кеден қызметтері осы Келісімнің мақсаттарына сәйкес және оның көлемінде осы Келісім негізінде берілген ақпараттар мен құжаттарды өз хаттамаларында, актілерінде, куәгерлік айғақтардың жазбаларында, сондай-ақ сот пен әкімшілік талқылау барысында дәлелдемелер ретінде пайдалана алады.

5. Мұндай ақпараттарды және құжаттарды сот органдарында дәлелдемелер ретінде пайдалану Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес белгіленеді.

13-бап

Жәрдем көрсету жөніндегі міндеттемелерге қосылмайтын жағдайлар

1. Егер сұрау салынған Тараптардың бірінің кеден қызметі сұрау салуды орындау осы Тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе кез келген басқа да маңызды мүдделеріне нұқсан келтіруі немесе осы Тараптың мемлекеттік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіби құпияларын бұзуы мүмкін деп есептесе, ол осы Келісімде көзделген жәрдемдесуден толық немесе ішінара бас тарта алады не белгілі бір шарттар мен талаптар сақталған жағдайда жәрдем көрсетеді.

2. Жәрдем беруден бас тартқан жағдайда, себептері көрсетілген бас

тарту туралы шешім жазбаша нысанда сұрау салушы кеден қызметіне кідіріссіз хабарланады.

3. Кеден қызметі өзі жасай алмайтын көмек түрін сұраған жағдайда бұл фактіні өзінің сұрау салуында атап көрсетеді.

Мұндай сұрау салуды орындау сұрау салынған кеден қызметінің қарауына беріледі.

14-бап

Хабарлау

1. Тараптардың бірінің кеден қызметінің сұрау салуы бойынша екінші Тараптың кеден қызметі кеден заңдарын орындау үшін осы Тараптың мемлекеті аумағында тұратын немесе құрылған мүдделі жеке немесе заңды тұлғаларға әкімшілік органдары қабылдаған іс-шаралар мен шешімдерді реттейтін құжаттар туралы хабарлайды.

2. Хабарлау сұрау салынған Тараптың аумағында қолданылып жүрген

заңдарға сәйкес жүзеге асырылады. Сондай-ақ сұрау салынған Тараптың ұлттық заңдарына қайшы келмейді деп есептелінетін жағдайда, хабарлау сұрау салуда ескертілген ерекше нысанмен немесе әдіспен жүзеге асырылуы мүмкін.

15-бап

Көмек туралы сұрау салулардың нысаны мен мазмұны

1. Осы Келісім негізінде жасалған сұрау салулар жазбаша нысанда берілуі тиіс. Сұрау салуды жүзеге асыруға қажетті құжаттар сұрау салуға қоса берілуі тиіс. Төтенше жағдай кезінде ауызша сұрау салу қабылдануы мүмкін. Ол жазбаша нысанда кідіріссіз расталуы тиіс.

2. Сұрау салу мазмұнында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

а) сұрау салуға мүдделі кеден қызметінің атауы;

б) сұрау салудың тақырыбы мен себебі;

в) сұрау салынған іс-әрекет;

г) рәсімге қатысушылардың аты-жөні, мекен-жайы және олар туралы басқа да деректер;

е) істің мән-жайының қысқаша сипаттамасы және оның заң тұрғысынан саралануы.

3. Сұрау салулар сұрау салынатын Тараптың ресми тілінде немесе орыс тілінде немесе сұрау салынатын кеден қызметі үшін қолайлы басқа да тілде жасалуы мүмкін.

4. Сұрау салу ресми талаптарға жауап бермейтін жағдайда, түзетулер мен толықтырулар талап етілуі мүмкін, мұның өзі сұрау салуды орындауда сақтық шараларын орындауға кедергі бола алмайды.

16-бап

Күпиялылық

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес алынған кез келген ақпаратқа, құжаттарға немесе мәліметтерге сұрау салушы Тараптың мемлекетінде оның өз аумағында алынған осы тақылеттес ақпаратына, құжаттарына немесе мәліметтеріне қолданылатыны сияқты жария етуден қорғалудың тап сондай дәрежесі беріледі.

17-бап

Шығыстар

Кеден қызметтері осы Келісімді орындауға байланысты шығыстарды өтеудің кез келген талаптарын қабылдамайды.

Осы Келісімнің 11-бабындағы ережелерді орындауға байланысты тікелей шығыстарды өтеуді өтініші бойынша сарапшы шақырылған Тарап жүргізетін болады.

18-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 21-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

19-бап

Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімді орындауға байланысты Тараптардың арасында туындайтын барлық даулы мәселелер консультациялар мен келіссөздер жолымен келісілетін болады.

20-бап

Келісімді жүзеге асыру

1. Осы Келісімде көзделген ынтымақтастықты тікелей кеден қызметтері жүзеге асыратын болады.

2. Кеден қызметтері көмек көрсету, өздерінің орталық бөлімшелері арасында байланыстың тікелей арналарын орнату және өздерінің құзыреттері шегінде кеден қызметтері жеке уағдаластықпен келісуіне қарай өзара байланыстар орнатуды жүзеге асыруы үшін жергілікті бөлімшелеріне уәкілеттік беру жөніндегі іс-шараларды қарастыруы мүмкін.

21-бап

Күшіне енуі және қолданысын тоқтату

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін, қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар бойынша соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап 30 күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның

қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап 6 ай өткенге дейін өзінің күшінде қалады.

Астана қаласында, 2000 жылғы 11 мамырда әрқайсысы қазақ, литва және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің құқықтық күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

Қазақстан Республикасының Литва Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

